

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598  
қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 қантардағы № 13 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы  
№ 497 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2016 № 497 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы»  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598  
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 16, 172-күжат)  
мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:  
көрсетілген қаулымен бекітілген ғылыми сараптама жүргізу ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Нормативтік құқықтық актілердің реттейтін құқық қатынастарына карай  
осы актілердің жобалары бойынша ғылыми (құқықтық, экологиялық, қаржылық  
және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін.

Заң жобаларының тұжырымдамалары бойынша ғылыми құқықтық сараптама  
жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілердің жобалары бойынша олармен реттелетін құқықтық  
қатынастарға қарай ғылыми сараптама, сондай-ақ сыйайлас жемқорлыққа қарсы  
ғылыми сараптама жүргізілуге міндетті, бұған заңнамалық актілердің жобалары  
Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастamasы тәртібімен  
енгізіліп, онда ғылыми сараптама жүргізілмеуі мүмкін болатын жағдайлар  
қосылады.

Сондай-ақ мына нормативтік құқықтық актілердің:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулыларының;
- 2) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік  
органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бүйректарының,  
орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларының және  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының нормативтік  
қаулыларының;
- 3) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерінің, әкімдіктердің  
нормативтік құқықтық қаулыларының, әкімдердің нормативтік құқықтық

шешімдерінің жобалары бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама міндettі түрде жүргізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаууларының жобалары бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізілмейді.

Қабылдау салдары экологиялық, оның ішінде радиациялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қатер төндіретін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына міндettі экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуге жіберу өлшемдері мыналар болып

т а б ы л а д ы :

1) мемлекеттік органның және/немесе лауазымды тұлғаның бақылау-қадағалау өкілеттіктеріне қатысты нормалардың болуы;

2) рұқсат беру рәсімдеріне қатысты нормалардың болуы;

3) жеке және заңды тұлғаларға міндеттер енгізуі немесе қолданыстағы міндеттерді өзгертуді көздейтін нормалардың болуы;

4) санкциялар салу, жауапкершілікке тарту, оларды беру жөніндегі мемлекеттік органның және/немесе лауазымды тұлғаның өкілеттіктерін, сондай-ақ мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратуды көздейтін нормалардың болуы.

Өзге де қажетті жағдайлар заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу өлшемдері болуы

мұмкін.»;

5 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «Заң жобаларына» деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 5-1), 6), 7), 9), 10) тармақшаларындағы «заң жобасын», «заң жобасының», «заң жобасы», «заң жобасында» деген сөздер тиісінше «нормативтік құқықтық актінің жобасын», «нормативтік құқықтық акті жобасының», «нормативтік құқықтық актінің жобасы», «нормативтік құқықтық актінің жобасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын: «11) жобаның нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдануының ықтимал теріс

с а л д а р ы н

а н ы қ т а у .»;

10-1-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама заңға тәуелді нормативтік құқықтық акті жобасын әзірлеудің мынадай сатыларында жүргізіледі: мұдделі мемлекеттік органдармен келіскенге дейін;

мемлекеттік органдармен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасының  
Үкіметіне енгізгенге дейін.».

2. Осы қаулының 1-тармағының тоғызыншы абзацы қолданысқа енгізілгенге дейін орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларында сыйайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу өлшемдері болған кезде олар сыйайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптауға жаады.

3. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың тоғызыншы және оныншы абзацтарын қоспағанда, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК